



**С.Оразалин атындағы жалпы орта
білім беретін мектебінің 2022-2023 оқу жылындағы психологиялық қызмет
бойынша жүргізілген жұмыстардың талдауы**

Қыркүйек айының екінші аптасында жоспарга сәйкес 1 сынып білім алушылардың мектепке дайындығын тексеру мақсатында «Керн Йерасик тесті» өткізді. Зерттеуге 1 сыныбынан 15 окушы қатысты. Нәтижесінде қорытындылар сынып жетекшілер мен ата-аналарға таныстырылып, окушылардың мектепке дейінгі дайындық дәрежесін арттыру бойынша ұсыныс, кеңестер берілді.



Қыркүйек айының екінші аптасында агрессия түрін анықтауға арналған 6-11 сынып окушылары арасында «Басса Дарки» диагностикасы алынды, Сонымен катар, 1 сыныпта «Менің класым» жобалашу мақсатында сынып окушыларының бір-бірімен қарым-қатынасын және сынып жетекшісімен қарым-қатынасын анықтау тесттері жүргізілді. Нәтижесінде сыныптағы психологиялық ахуал бірқалыпты ниеттелген, бейімделмеген окушы анықталмады.

Қыркүйек айының үшінші аптасында 1- сынып окушыларының ата аналарымен кездесу өтті. Мақсаты: окушылардың сыныпқа бейімделуі, сынып жетекшіге бейімделуі, мектепке бейімделуі туралы әңгімелесу, кеңестер, тренингтер жүргізілді.. Отбасы күніне орай бастауыш сыныптар арасында «Менің бақытты отбасым» фотокаллаж көрмесі ұйымдастырылды.



Қыркүйек айының үшінші аптасында 8-11 сыныптың қызы балашы арасында «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында кезекті кездесу өтті.



Қазақ айында 6-8 класс окушыларынан депрессияға жақын жағдайларды дифференциалды диагностикалауға бағытталған «Зунге» сауалнамасы алынды. Мақсаты: Депрессиялық жағдайларды және депрессияға жақын жағдайларды дифференциалды диагностикалау, жаппай зерттеулер кезінде және алдын-ала, дәрігерге дейінгі диагностика, скринингтік диагностикасын анықтау. Сауалнама қорытындысы бойынша депрессиялық күйде жүрген окушы анықталмады. Агрессия түрін анықтау мақсатында 6-11 класс окушыларынан Басса-Дарки сауалнамасы алынды. Сауалнама нәтижесінде депрессия деңгейі жогары окушы анықталған жоқ. 15 қазан күні “Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі бойынша” мектен

окушыларына арналған сауалнамасы алынды. Мақсаты: Окушылардың зорлық-зомбылық туралы ойларын анықтау. Отбасында қаншалықты зорлық-зомбылық жасалатынын анықтау. Сауалнама нәтижесі бойынша шекті мәндерден асып кеткен яғни қауіп-қатері жогары деңгейі - анықталған жоқ.



Қараша айында Темпераментті зерттеуге арналған Айзенк тесті алдында. Мақсаты: Баланың темпераментін және эмоционалдық тұрақтылығын анықтау. Сонымен қатар, DASS сауалнамасы алдында. Мақсаты: Депрессия, мазасыздық және стресс деңгейін анықтау. Сауалнама нәтижесі бойынша шекті мәндерден асып кеткен, яғни қауіп-қатері жогары окушы анықталған жоқ.

Зейінді дамыту және түзету «Графикалық диктант», танымдық процестерін диагностикалау және түзету –дамыту жаттыгулары, «Әр түрлі кейіпкерлер», «Менің көніл-күйім қандай? жаттыгулары жүргізілді.

«Мен және менің ортам» оқшауландын алдын-алу мақсатында 5-7 окушыларына тренинг үйымдастырылды. 8-11 кластар арасында мұғалімдер мен окушылар арасындағы адамгершілікті, ынтымақтастықты, сыйластықты, сүйіспеншілікті, мейірімділікті нығайту мақсатында «Күпия дос» шығармашылық жұмысы үйымдастырылды. Шығармашылық жұмыссызды бағдарда окушылар мен мұғалімдер арасында көnlі тренинг, жаттыгулар үйымдастырылып окушылар мен мұғалімдер жеребе бойынша өздеріне түскен окушы мен мұғалімге жақсылық, қамқорлық, жасауы бір аптада міндетtelген болатын. Нәтижесінде, үйымдастыру шарасы барысында уақыттың аздығына да қарамай қызықты жағдайлармен де кезектік бір-біріне деген жылы лебіздердің жақсылық, қамқорлықтың куәсі болдық. Шара соңында мұғалімдер мен окушылар шаттық шенберіне тұрып бір-біріне күпия турде жасаган жақсылықтарын айттып, барлығы өз пікірлерімен бөлісіп, алғыстарын білдірді.



Желтоқсан айында 10-11 кластар аралығында реактивті мазасыздық деңгейін зерттеу және (тұлға мазасыздығы) мазасыздықтың деңгейін анықтау мақсатында Ч.Д.Спилбергтің «Реактивті және тұлға мазасыздық деңгейін анықтау» әдістемесі бойынша сауалнама жүргізілді. Тестілеу нәтижесінде 10-11 класта мазасыздық деңгейі жогары окушылар анықталмады. Кәсіби бағдарды анықтау мақсатында 9-11 класс окушыларынан Голланд әдістемесі алдында.

«Зорлық-зомбылықтың алдын-алу» мақсатында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шак» тақырыбында 8-11 класс окушылары арасында сауалнама жүргізіліп, нәтижесі шығарылды. Түзету дамыту бағытында 2-4 кластарда психомоториканы дамыту мақсатында екі қолмен сурет салу, екі қолмен бірдей бояу жұмыстары жүргізілді.



Қантар айында диагностика бағытында-10 кластан мектептік ақыл ой деңгейін анықтау ШТУР тесті алынды. Түзеті дамыту бағытында-2-4 кластардан қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған Т.В.Артемьевна әдістемесінен әртүрлі жаттыгулар жүргізілді. 9,11 класс окушыларымен «Емтихан» іскерлік ойыны ұйымдастырылды. Профилактикалық бағытта- 5-8 кластар арасында «Үйқыдағы қала» психологиялық жобалық-ойын өтті.

Ақпан айында диагностика бағытында 4 класс окушыларынан эмоция сферасы, агрессия анықтау мақсатында «Кактус» әдістемесі жүргізілді. Коррекциялық –дамытушылық бағытта 2-4 кластарда Т.В.Артемьевна әдістемесі бойынша жаттыгулар жүргізілді.

Окушылармен өзіне сенімділік және сенім сезімін қалыптастыруға бағытталған жаттыгулар, «Үй, Адам, Ағаш» проекттік тесті, «Ашу-ыза билегенде не істей керек?», «Күйзелістен қалай құтылуға болады?», «Реніштен арылу» психокоррекциялық сабактар жүргізілді.



Наурыз айында түзету –дамыту бағытында 2-4 кластарда Сөйлемдерді құрастыру, “Сәйкестендіру” ойыны жаттыгулары жүргізілді. Профилактикалық бағытта 2-7 кластар арасында жоспардан тыс, окушылардың қиялын ұштау, ізденимпаздыққа ұмтылу, қызығушылығын ояту мақсатында «Сумқасыз бір күн» акция ойын ұйымдастырылды.

Сәуір айында диагностика бағытында 4 класс окушыларынан біліктілікті зерттеу Э.Ф.Замбацевичене әдістемесі танымдық процестерді анықтау жаттыгулары алынды. Түзету-дамыту бағытында 2-4 класс окушыларынан Т.В.Артемьевна әдістемесі бойынша білім алушының эмоционалды жағдайын бақылауға арналған жаттыгулар жүргізілді



Мамыр айында түзету-дамыту бағытында 5-8 класс окушылармен табигатқа саяхат «Пикник» психологиялық акциясы ұйымдастырылды. Профилактикалық бағытта 2-4 класс ата аналарымен жазғы мектеп, жазғы демалыс алдында «Отбасындағы психологиялық деңсаулық, баланың үйлесімді дамуының негізі» ата-аналарға дәріс берілді.

Балалар мен жасөспірімдер арасында буллинг мәселесіне окушылар мен мұғалімдердің назарын аудару, буллингке қарсы сана- сезімін қалыптастыру, осы қауіпті әлеуметтік құбылысқа белсенді тұруға деген ұмтылысты тәрбиелеу мақсатында 9-10 класс окушыларына ақпараттық - танымдық сабак өткізілді.



Оқушылардың аудандық, облыстық іс-шараларға қатысымы:

P/c	Оқушының аты-жөні	Байқау, конкурс атауы	Өту деңгейі	мерзімі	нәтижесі
1	Қанибай Әдемі	Аудандық «Мейірімді істер» сурет байқауы	сырттай	2022-2023 жыл	II орын
2	Нұрлышеккызы Айкөркем	Аудандық «Мейірімді істер» сурет байқауы	сырттай	2022-2023 жыл	II орын

Педагог-психолог жетістіктері:

№	Маратап түрі	деңгей	жетістігі
1	«Түзету-дамыту багытындағы психологиялық ойындар маңыздылығы» тақырыбында іс-тәжірибе тарату.	аудандық	Алғыс хат
2	«Үздік апталық» сырттай байқауы	аудандық	II орын
3	Қ.Бітібаева атындағы «Үздік педагог-психолог» сырттай байқауы	республикалық	III орын, сертификат

Педагог-психолог:  Кенжегалиева Ж.А